

М.Е. АЖИБЕКОВА¹, Г. САҒИДОЛДА², Г.Е. ОМАРТАЕВА³¹Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: marzhanermektai@mail.ru

²филология ғылымдарының докторы, профессор

(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: asem963@mail.ru

³Астана медицина университетінің аға оқытушысы

(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: pokantay@mail.ru

**ЯСАУИДІҢ «ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ» ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖАЙЫНДАҒЫ
ЗЕРТТЕУЛЕР**

Аңдатпа. Мақалада авторлар түркі халықтарының ортақ мұраларының бірі саналатын «Диуани хикметтің»/«Хикметтердің» тілдік ерекшеліктері жайында отандық және алыс-жақын шетелдерде жарыққа шыққан зерттеулерді, ғылыми тұжырымдарды саралап, талдау жүргізеді. Атап айтқанда, П.М. Мелиоранский, К. Залеман, С.Е. Малов, А.К. Боровков, Ф. Көпрүлү, А.Н. Кононовтардан бастап, Ә. Нәжіп, К. Эраслан, Н. Маллаев, И. Хаққұл, С. Сейфуллах, Н. Хасан, Г. Хусайнов сынды өзбек, башқұрт әдебиеттанушылармен бірге, Р. Сыздық, Қ. Жұбанов, М. Жармұхамедов, С. Дәуітұлы, С. Өтебеков, т.б. қазақ ғалымдарының ясауитануға қатысты еңбектердегі тілдік ерекшеліктеріне байланысты пікір-көзқарастарына ғылыми тұрғыдан талдау жасалады. Алдымен «Хикметтер» қолжазбаларының ең көне нұсқасы қайсы деген сұраққа ясауитанушыларда туындайтын пікірдің сан алуандығы, пікір қарама-қайшылығына тоқталады. ХІ ғасырдың мұрасы мүридтердің ауызша таралып, ХV ғасырдағы қолжазбада сақталғанға дейінгі аралықта сан жағынан да, сапа жағынан да әртүрлі өзгерістер орын алғаны жөнінде зерттеулерге шолу жасалады. Ұстазы Ахмед Хазини мен шәкіртінің арасындағы рухани үндестікке байланысты «Хикметтердегі» мәтіннің қай авторға қатысты екендігін анықтайтын деректер қарастырылады. «Хикметтердің» тікелей Ясауиға қанша өлеңі тиесілі деген сұрақтарға жауап іздеп, тілдік ерекшеліктеріне арналған шетелдік және отандық ғалымдардың топшылауларына сүйенеді. Түркия мен Өзбекстанда, Қазақстанда «Диуани хикметке» байланысты шолу жасаған бірқатар зерттеушілердің пікірлері талданады.

Кілт сөздер: Ясауи, Диуани хикмет, руханият, қолжазба, құндылық, мәдени лексика.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Ажибекова М.Е., Сағидолда Г., Омартаева Г.Е. Ясауидің «Хикметтеріндегі» тілдік ерекшеліктер жайындағы зерттеулер // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 201–211. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.204>

***Cite us correctly:**

Azhibekova M.E., Sagidolda G., Omartaeva G.E. Iasauidin «Hikmetterindegi» tildik erekshelekter zhaiyndagy zertteuler [Research on Linguistic Features in Yasawi's “Hikmets” (“Wisdom”)] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – Б. 201–211. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.204>

Мақаланың редакцияға түскен күні 01.01.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

M.E. Azhibekova¹, G. Sagidolda², G.E. Omartayeva³¹*PhD Doctoral Student at L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: marzhanermektai@mail.ru*²*Doctor of Philological Sciences, Professor
(Kazakhstan, Astana), e-mail: asem963@mail.ru*³*Senior Lecturer of Astana Medical University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: pokantay@mail.ru***Research on Linguistic Features in Yasawi's "Hikmets" ("Wisdom")**

Abstract. In the article, the authors analyze scientific conclusions about the linguistic features of "Diwani Hikmet"/"Wisdom", in domestic studies and published in the far and near abroad, which are one of the common heritage of the Turkic peoples. In particular, a scientific analysis is carried out of the views and opinions of scientists on linguistic features reflected in the works on Yassawi studies, starting with P.M. Melioransky, K. Zaleman, S.E. Malov, A.K. Borovkov, F. Koprulu, A.N. Kononov, along with the views of such Uzbek and Bashkir literary critics as A. Najip, K. Eraslan, N. Mallaev, I. Hakkul, S. Seifullah, N. Hassan, G. Husainov and Kazakh scientists R. Syzdyk, K. Zhubanov, M. Zharmukhamedov, S. Dautuly, S. Utebekov and others. First, they focus on the question of the diversity and inconsistency of opinions that arise among scholars about which of the versions of the Hikmet manuscripts is the oldest. An overview of research is given that the heritage of the XI century underwent various changes both in quantity and quality, up to the oral distribution of Murids and preservation in a manuscript of the XV century. In connection with the spiritual harmony between the teacher Ahmed Khazini and the student, the data determining which author the text in the "Hikmets" refers to is considered. In search of answers to questions about how many verses of "Hikmets" belong directly to Yassawi, they rely on classifications of foreign and domestic scientists devoted to linguistic features. The opinions of a number of researchers in Turkey, Uzbekistan, and Kazakhstan who conducted a review related to Divani Hikmet are analyzed.

Keywords: Yasawi, Divani Hikmet, spirituality, handwriting, value, cultural vocabulary.

М.Е. Ажибекова¹, Г. Сағидолда², Г.Е. Омартаева³¹*PhD докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: marzhanermektai@mail.ru*²*доктор филологических наук, профессор
(Казахстан, г. Астана), e-mail: asem963@mail.ru*³*старший преподаватель Медицинского университета Астаны
(Казахстан, г. Астана), e-mail: pokantay@mail.ru***Исследования языковых особенностей в «Хикметах» Ясави**

Аннотация. В статье авторы проводят анализ отечественных и опубликованных в дальнем и ближнем зарубежье исследований, научных выводов о языковых особенностях «Дивани Хикмет» /«Хикметов», являющихся одним из общих наследий тюркских народов. В частности, проводится научный анализ отраженных в трудах по ясавиведению взглядов и мнений ученых о языковых особенностях начиная с П.М. Мелиоранского, К. Залемана, С.Е. Малова, А.К. Боровкова, Ф. Копрулю, А.Н. Кононова, наряду с взглядами таких узбекских и башкирских литературоведов как А. Наджип, К. Эраслан, Н. Маллаев, И. Хаккул, С. Сейфуллах, Н. Хасан, Г. Хусайнов и казахских ученых Р. Сыздыка, К. Жубанова, М. Жармухамедова, С. Даутулы, С. Утебекова и других. Сначала останавливаются на вопросе о многообразии и противоречивости мнений, возникающих

среди ясавиведов о том, какая из версий рукописей «Хикметов» является самой старой. Дается обзор исследований о том, что наследие XI века претерпело различные изменения как в количественном, так и в качественном отношении, вплоть до устного распространения Мурид и сохранения в рукописи XV века. В связи с духовной гармонией между учителем Ахмедом Хазини и учеником рассматриваются данные, определяющие, к какому автору относится текст в «Хикметах». В поисках ответов на вопросы о том, сколько стихов «Хикметов» принадлежит непосредственно Ясауи, опираются на классификации зарубежных и отечественных ученых, посвященные языковым особенностям. Анализируются мнения ряда исследователей в Турции, Узбекистане, Казахстане, которые провели обзор, связанный с «Дивани Хикмет».

Ключевые слова: Ясауи, Дивани хикмет, духовность, почерк, ценность, культурная лексика.

Кіріспе

XII ғасырдың жазба ескерткіштерінің бірі Ясауи «Хикметтерін» қайта зерделеу – бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі. Оның маңыздылығы – қоғамды өркениетке жетелеу жолындағы руханияттың түп тамырын түгендеу міндеті тұр. Қожа Ахмет Ясауидің діни бағыты, қызметі, сопылық ағымның мәні – Ясауи ілімінің қоғамда алатын орны, маңызы, құндылығы тарихшылардың, әдебиеттанушылардың, мәдениеттанушылардың, философтардың, теологтардың назарынан түспей, зерттеу нысанына айналғалы қашан. Ясауидің «Хикметтері» қазақ филологиясы үшін де, жалпы түркологиялық ғылым саласы үшін де өзекті екені айқын. Өйткені біздің асыл дінімізді түркі жұртының танымымен қабыстырып, табиғатымен астастырған руханиятымызды бойымызға сіңіру үшін «адам» деген атқа лайық болып тұлғаландыратын, осы дүниенің асылдарын бойға жиып, таза жүрекпен келуді ұғындырған дана Ясауи мұрасына етене жақын болып, өркениетке ұмтылу жолында кемелденген санамен кез келген өмірдің сынағын оңай еңсеретін ілімімізге жақындай түсетіміз хақ. Ясауи хикметтерінің лексикасы мен фразеологиясын, танымдық өрісін анықтап, төл туындының құндылығын өскелең ұрпаққа өсиет ету керек.

Ясауи «Хикметтерін» зерттеуде шетелдік және отандық зерттеулердегі тілдік ерекшеліктерге баса назар аудару қажет. Салыстырмалы тұрғыда қарағанда мәселен, түркі тіліндегі Ясауи зерттеулері ұшан теңіз, өзбек тіліндегі зерттеулердің өзі бір төбе, қазақ тіліндегі қолжазбаға сүйеніп, тілдік ерекшеліктеріне, нақтыласақ дыбыстық ауысулар, лексикалық мағынасы мен тілдік қабаттары жөнінде жазылған еңбектердің бірі - Р. Сыздықованың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» атты еңбегі. Оның өзін ғалым шамамның келгенінше жазуға тырыстым: «Ескерткіш мәтінінде айтарлықтай орын алатын араб, парсы сөздерін дұрыс транскрипциялап, кейбірінің мағыналарын талдау жұмысына көмектескен араб тілінің маманы, жас ғалым Баян Жұбатоваға алғысымды айтамын... Жұмыспен танысып, ондағы кемшіліктер мен ақауларды байқап, пікір айтатын оқырмандарға да алдын-ала ризалық білдіремін [1, 4-б.]» деген пікірінен-ақ бұл тақырыпқа әлі терең қадамдар жасалуы тиіс екені көрініп тұр. Соңғы уақытта жиі зерттеу көздеріне айналып жүрген ізденушілердің, әсіресе қазақ тілді зерттеулердің алдымен бет түзеп, қолға ұстайтыны осы Р.Сыздықованың еңбегі екені даусыз. Бұл еңбекке де әлі де терең зерттеулер мен соны пікірлер қажет екенін ғалым өзі де сездіріп отыр.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу барысында өмірбаяндық, филологиялық-деректанулық һәм әдеби-тілдік талдау, герменевтикалық әдістер пайдаланылды және тілдік қабаттарға байланысты статистикалық зерттеу материалдарын басшылыққа ала отырып, тарихи-салыстырмалы және

текстологиялық әдістер қолданылды, шығарманың түпнұсқасы мен түрлі қолжазба нұсқалары арасындағы айырмашылықтар қарастырылады. Сонымен қатар, Ясауидің рухани мұрасы арқылы қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуына тигізген ықпалына ерекше назар аударылады.

Дереккөз ретінде Р. Сыздықованың «Ясауи «Хикметтерінің тілі» мен Самарқанд қолжазбасы (Залеман) нұсқасын негізге алдық. Ясауи «Хикметтерінің» санына байланысты және ондағы жазылған мұралардың шәкірттеріне де тиесілігі жөнінде ғалымдар арасындағы әртүрлі пікірде екенін көрсетіп, тілдік ерекшеліктері тұрғысында зерттеу тақырыбы ясауитанушылардың басты қозғайтын мәселесі екенін көрсетеміз.

Талдау мен нәтижелер

Бүгінде түркі халықтарына төл мәдени арналарымен астасып жатқан Қожа Ахмет Ясауидің ілімі ұлттық болмысымызды танудың негізгі көзіне айналып отыр. Рухани құндылыққа бет бұру XX ғасырдың басынан бастап қазіргі уақытта қарқынды түрде жалғасын тауып келеді. Бұл бетбұрыстың қарқынды болуының салмақты себебі де бар: ақпараттың ең жылдам тарайтын кезеңінде әр құндылық өзінің түпкі тереңіне үңіліп, бағамдап, әр ұлт өз «қоржындарын» түгендеумен әлек. Ясауидің «Хикметтерінің» тілі мен стиліне, тілдік сүйегіне атақты түркітанушылар П.М. Мелиоранский, акад. К. Залеман, акад. С.Е. Малов, А.К. Боровков, проф. Ф. Көпрүлү, А.Н. Кононовтардан бастап, Ә. Нәжіп, Н.А. Баскаков, А.М. Щербак, Э. Рустамов, К. Ераслан, А. Серткай, А. Ержиласун сияқты өзбек, орыс, түрік ғалымдары назар аударып, Ясауи тіліне қатысты пікір айтқан ғалымдар [1, 17-б.].

Орта ғасырлық түркі мұрасын зерттеушілердің ішінде Ясауи шығармаларына соқпай кеткені жоқ деуге болады. Ол туралы Батыс пен Шығыстың түркологтары бірнеше еңбектер жазды. Әсіресе осы саладағы түркиялық ғалымдардың ізденістерін ерекше атап өтуге болады. Ф.Көпрүлүнң «Түрік әдебиетіндегі алғашқы мутасауфтар (сопылар – Т.Қ.)» деген кітабынан бастау алатын иасауитанушылар қатары К. Эраслан, М. Узун, М. Тахрали, С. Улутоғ, Н. Йылмаз, Х. Биже, М. Демиржи, М. Тайши, Х. Алтинташ, Н. Зейбек секілді ғалымдармен толықты. Кешегі кеңес одағы құрамында болған елдерден Ә. Нәжіп, Н. Маллаев, И. Хаққұл, С. Сейфуллах, Н. Хасан, Г. Хусайнов сынды өзбек, башқұрт әдебиеттанушылармен бірге, М. Жармұхамедов, С. Дәуітұлы, З. Жандарбек, А. Ахметбекова, Д. Кенжетай, А. Әбдірасылқызы сияқты иасауитанушылары да ақын мұрасын зерттеп, тың талдаулар жасағанын ерекше айта кеткен жөн [2, 79–80-бб.].

«Диуани Хикметті» зерттеумен түрік ғалымы М.Ф. Көпрүлү, орыс ғалымдары А.Н. Самойлович, Е.Э. Бертельс, А.К. Боровков, Г.Ф. Благова, өзбек ғалымдары Э.Р. Рустамов, Н.М. Маллаев, В.И. Захидов, т.б. айналысты.

Жыр жинағы 1887, 1901 жылдары Қазанда, 1901 жылы Стамбулда, 1902, 1911 жылдары Ташкент қаласында жеке кітап болып басылып шықты [3, 24–33-бб.].

Белгілі орыс түркітанушы ғалымы А.К. Боровков: «Ясауи өлеңдерінің көзі (көзі, прототипі) Сырдарияның төменгі ағысын жайлаған көшпелі түркі тайпаларының халықтық поэзиясы» [4], - дейді. Орта ғасыр мұрасы ауыздан-ауызға тез жаттауға ыңғайланған хикметтер хатқа түсіп, қолжазба түрінде танылғанша өзгерістерден өтетіні мәлім. Боровковтың топшылауынша, Ясауи хикметтерінің хатқа түсіп, топтама (жинақ, диуан) түрінде тарала бастауы XV ғасырдың екінші жартысынан бермен қарай ғана болса керек. Диуандарды құрастыру ісінде хикмет айтушы авторлардың араласып кетуі, өлең жолдарына өзгерістер енгізілуі («редакциялануы») сияқты фактілердің орын алғаны да айтылып келеді. Сол себептен Ясауи хикметтері деп жүргендеріміздің баршасы түгел даусыз Ясауи мұрасы емес екендігін П.М. Мелиоранский де, проф. Ф. Көпрүлү де, А.К. Боровков та, тағы басқа зерттеушілер ашық айтқан-ды [1, 11–12-бб.].

Ясауи дүниетанымы қазақ мәдениеті мен адам әлемінің ділдік түлеу құбылысы тұрғысынан маңызын темірқазық жұлдыздай етіп ұғындырды, өмір сүру салтын халқымыздың танымымен астастырып мұра етті. Бір қиындығы ерте жазылған мұра болғандықтан, ясауитанушылар өзінің және ізбасарларының мұраларымен бірге хикметтер санына қосса, кейбіреулері Ясауи атымен аталатын жолдарды шәкірттеріне (мүридтеріне) тиесілі деп топшылайды. «Иасауи хикметтеріне қатысты әлемде қанша қолжазба жатқаны әлі күнге белгісіз. Кезінде түркітанушы Х.Ф. Гофман өз зерттеулерінің бірінде «Диуани хикметтің» қолжазбалары Берлин, Кэмбридж, Упсала, Париж, Принстон, Мәскеу, Санкт-Петербург, Ташкент, Стамбул секілді қалалардағы кітапхана қорларында жатқанын» [2, 90-б.] жазған болатын.

Еліміздің дербес тәуелсіз ел деп танылып, қазақ халқының саяси-рухани азаттыққа ие болуы, осының нәтижесінде әлеуметтік, идеологиялық жағдайдың өзгеруі – осылардың баршасы ұлттық сананың, жеке адамдардың рухани дүниесінің жаңа сипат алуына, жаңа сатыға көтерілуіне алып келді. Бұрынғы тоталитарлық жүйеге негізделген кеңес үкіметінің саясаты дін атаулыға қатты өшігіп, халықтың рухани жәдігерлері саналатын осы сарындағы көне мұралардың қайта жарық көруіне қатаң тыйым салып еді. Ислам дінінің түркі халықтарының зорлықсыз, өздерінің ойлау танымына сәйкесіп тұрғандықтан қабылдауын, асыл дінімізді түркі руханиятына түсінікті етіп, бүкіл шығармашылығына діни астар берген Ясауи мұрасы да осы саясаттың көлеңкесінде қалып, лайықты көңіл бөлінбеді.

Қазіргі уақытта Қожа Ахмет Ясауидің өмірі, ілім жолының тарихы аясында жүргізілген көптеген зерттеу еңбектері бар. Қазақстанда ясауитану 1990 жылы қазан айында Түркістан қаласында «Ясауи әлемі» атты дөңгелек үстел өткізілді. Осы халықаралық жиында дөңгелек үстел басында Ясауи мұрасы жайында Түркия ғалымдарымен тұңғыш рет жүзбе-жүз кездесіп, пікір алысу болды. Осы уақыттан бері қарай жанданып, зерттеу еңбектері молынан жазыла бастады. «Қожа Ахмет Ясауи кім және оның діни-идеологиялық жолы қандай болды?», «Қожа Ахмет Ясауидің түпнұсқада хикметтерінің нақты саны қандай?», «Ясауи мұрасының текстологиясымен өнімді жұмыс жүргізу» сынды маңызды мәселелер төңірегінде түркі тілдерінде және қазақ тіл білімінде маңызды еңбектердің қатары толысып келеді. Бір қиындығы – өте ерте жазылған мұра болғандықтан табылған түпнұсқаның жазылған жылы көрсетілмегені, қолжазбалармен жазылған зерттеу еңбектерінің басымдығы байқалады.

Қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негізін қалаушы, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Қ. Жұбановтың ««Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» кітабы туралы» еңбегі жайында» деген бөлімінде хикметтерді тақырыбы жағынан діни, тарихи құбылыстар және адамдардың игі істері деп бірнеше топқа бөледі. «Диуани хикметтің» тілін ат үсті болса да байқаған адам мұнда қазіргі кездегі өзбектің де, ұйғырдың да, қазақтың да тіліне ұқсайтын жеке-жеке (біріндеген) лексикалық элементтердің де азды-көпті сөздері қазіргі өзбек немесе ұйғыр тілінде қолданылып жүрген сөз материалы болып шығады... [5, 321-б.]. Бұл еңбекте «Хикметтердің» тілі – түрік тілі. Ахметтің өзі де түрік тілімен жазғанын айтады. Ясауидің өсіп-өнген мекені Түркістанда туғанынан-ақ «Диуани хикмет» қазақ халқының ескі мұрасы екені шүбәсіз деп көрсетеді.

М.Қ. Әбусейітова Орталық Азияда этномәдени процестердің біртұтастығы ғана емес, ішкі шекаралардың жоқтығы да үлкен рөл ойнағанын [6, 6-б.], - айтады. Ғалымның «шекарасыз» деп сипаттағанындай ортағасырлық Қазақстанның мәдени, рухани құндылықтарының тарихын Орта Азиядан бөліп қарастыру өте қиын. Түркі халықтарының рухани мұраларының басында рухани пірі Қожа Ахмет Ясауи және оның жолы тұр.

Осы Ясауи және оның жолы туралы ең көне, сенімді деректерді жазып қалдырған ортағасырлық сопы шайхы Ахмед Хазини болып табылады. Ясауидің өмірі, ілім жолының тарихы жөнінде ғылыми түрде жан-жақты ашу үшін Ахмед Хазини шайхтың «Диван»,

«Джавахир ал-абрар мин амвадж-и бихар» туындыларын қарастыру қажет екенін Ғ.И. Көшенова өзінің монографиясында түрік ғалымы Ф. Көпрүлүннің «Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar» атты ғылыми зерттеуі осы бағытта жазылған алғашқы еңбек екенін атап көрсетеді. Одан кейін өзбекстандық ғалым Н. Хасан түркиялық ғалымдармен қарым-қатынас орнатудың арқасында Ахмед Хазинидің еңбектерін алғаш рет баспасөз беттеріне жариялады.

Қожа Ахмет Ясауи жайлы алатын мәліметті негізгі үш топқа бөлеміз: 1) Ясауиға тариқаты өкілдерінің жазып қалдырған еңбектері; 2) Нақшбандийа тариқаты өкілдерінің жазып қалдырған еңбектері; 3) Аталмыш сопылық бауырластықтарға тәуелсіз дерек көздері. [7, 55-6.]. Ғ.И. Көшенованың монографиясында рухани үндесімде болған Ахмед Хазиниді Ясауидің түп нағашы атасы деуге болады, оның есімі ескерілмей, Ясауидің көлеңкесінде қалып қоятынын айтады.

Ясауи мен шәкірттерінің арасында рухани үндестіктің астарласып жатқаны сондай – мәтіндері қайсысына тиесілі деген сауалға ясауитанушылар арасында бірыңғай көзқарас жоқ. «Зерттеушілердің бір тобы хикметтерді Қожа Ахмед Ясауи жазбағанын дәлелдеуге тырысса, екінші тобы жарық көрген хикметтердің біраз бөлігі Қожа Ахмедке тиесілі емес деп көрсетеді» [7, 55-6.]. Бұл пікір – түпнұсқа мен қолжазбалардың арасындағы айырмашылықтың негізінде болатын қарама-қарсылық. Тілін талдап, дұрыс тану үшін олардың қолжазбалар мен басылымдарын, литографиялық нұсқаларын жеке-жеке қарастырып, текстологиясымен жете жұмыс жүргізу қажет. Осы орайда қолжазбадағы араб әліпбиі мен оның транскрипциясын көрсеткен Р.Сыздықованың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» еңбегіне көп жүгінуге болады. Ясауи мұрасын зерттеушілердің еңбектерінде тағы бір назарға бірден ілігетін мәселе – Ясауи атының түрліше нұсқада берілуі. «Ясауи», «Иассауи», «Йассауи», «Яссауи», «Яссауий», «Құл Хожа Ахмәд», «Сұлтан Ахмәд», «мискин Йассауи», «Құл Хожа Ахмед Йассауи», «сұлтан Хожа Ахмед Йассауи», «Ахмәди, «Ахмәд», т.б. нұсқаларда кездеседі, көріп отырғанымыздай, Ясауи есімінің жазылуында бірізділік жоқ екені көрініп тұр. Бұл атауды транслитерацияланған нұсқалардың қайсысын алғанымыз орынды болар еді деген сұраққа арнайы келесі мақалаларымызда кеңінен тоқталамыз. Қазіргі уақытта Р.Сыздықованың «Ясауи хикметтер тілі» атты еңбегіндегі Ясауи нұсқасы бойынша қолдануды жөн деп санадық. Бұл кітапта Самарқанд (Залеман) қолжазбасы бойынша Ясауи тілінің зерттелуі, фонетикалық жүйесі, фонологиялық заңдылықтар, қолжазбаның транскрипциясы, лексикасы, тілдік қабаттары, морфологиялық сипаттамасы, көркемдік сипаты және қолжазбаның факсимилесі берілген. Ясауи мұрасын зерттеуде аудармамен емес қолжазба қажеттігін мақалада өзекті еткен Г. Сағидолда, Қ. Сарекенованың мақаласында Ясауи «Хикметтерінің» тілін лингорухани код тұрғысынан қарастыру қажет екенін айтады. «Демек, концептіні этникалық дүниетаным мен ұлттық рухани-мәдени құндылықтардың тіл бірліктерінің ішкі құрылымының терең астарында бекіп, тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғастық табуын қамтамасыз ететін ықшам тұрпаттағы семантикалық құрылым деп санасақ, Ясауи «Хикметтері» тілінің концептілік өрісін лингворухани код тұрғысынан қарастыру қажеттігі туындайды» [8, 62-б.]. Тілдік нысанды анықтап алғаннан соң «Хикметтердің» мәнін түркі халықтарының болмысы, тілдік қабаттарына байланысты араб, парсы сөздерінің қолданыс жиілігі, тағы-тағылар жөнінде зерттеу өзегіне сұранып тұрған мәселелер болып тұр.

Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтерінің» тілдік ерекшеліктері, көбінесе «Даналық» деп аталады, олар пайда болған мәдени және тарихи контекстермен терең байланысты. Бұл мақал-мәтелдер мен поэтикалық өрнектер даналықтың құралы ретінде ғана емес, түркі халықтарының әлеуметтік-лингвистикалық табиғатының көрінісі ретінде де қызмет етеді. Қолда бар нұсқаның ең көнесі жайында: «Қолдағы нұсқаның ең көнесі XVII ғасырдан кейінгі уақытта табылған. Зерттеуші В.А. Гордлевский өз мақаласында хикмет жайлы: «бір қарт кісінің қылуette Ясауи құлпытасының басына хикметтердің теріге жазылған қолжазба түрін

қойғандары» туралы, сонымен бірге «1929 жылы хикметтің Ферғанаға сатылып кеткені жайлы әңгіме естігенін», [9, 364-б.] - жазады.

Мәселен, зерттеушілер П.М. Мелиоранскийдің, К.Г. Залеманның еңбектерін қарай отырып: «Қазан баспасынан жарық көрген хикметтердің бәрі Қожа Ахмедтің шығармасы еместігін» алғашқы айтқан шығыстанушы ғалымдардың бірі – А.К. Боровков болып табылады [6, 231-б.]. Бұған дәлел ретінде Ахмед Ясауидің стилінде хикмет жазған кісілер ретінде отыз шақты шайырлардың тізімін береді [4, 236-б.]. Сопылық дінді таратушы, Ясауидің сара жолын нақ сол қалпында ұстанатын орынбасар шәкірттерінің саны отыздан астам екенін көреміз.

Зерттеуші Д. ДиУис өзінің зерттеулерінде А.К. Боровковтың пікірлерін қолдай отырып, оны былай дәлелдеуге тырысады: біріншіден, «Диуани хикметті» зерттеген көптеген ғалымдар оның (XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында) Қазан, Ташкент немесе Стамбулда жарық көрген тасбаспа нұсқаларын негізге алады. Бұлардың ешбірі көшірме нұсқасының толық тәртіптелген, түпкі нұсқасын қолданбады. Сондықтан зерттеуде түпкі нұсқаны, «Диуани хикметті» таба алмаймыз.

Екіншіден, «Диуани хикмет» нұсқаларының мағынасы тек Ахмед Яссауидің өміріне қатысты мәселелерді ғана емес, XV ғасырда өмір сүрген жеке тұлғаларды да қамтыды. Кейінгі яссауийа шайхтары Шамс ад-дин Узганди, Камал Иқани, т.б. «Диуани хикметтің» бірнеше бәйіттердің авторы болып шықты. Үшіншіден, XV ғасырдың соңындағы мәліметтерде Ахмед Ясауиді поэзиядан көре алмаймыз. Өйткені ол поэзия жазып, хикмет айтқан жоқ. Ол Ахмед Ясауи емес, Яссауийа дәстүріндегі тұлғалар болатын [7, 56-б.]. Бұл тұрғыда ясауитанушылардың мүридтерінің көп екеніне көз жеткіздік және жылдар, ғасырлар бойы сопылық жолмен жалғасып, ұстаз жолына адал ниетпен ауыздан-ауызға, қолжазбалар арқылы күні бүгінгі ұрпақтарға таралып, рухани азық болып отыр.

Өзбек ғалымдарының зерттеулерін басшылыққа алған ғалым И. Хаққұл: «Қожа Ахмед Яссауи «Диуани хикмет» атты ешқандай кітап жазбаған, еңбек оның мүридтері мен ізбасарлары тарапынан жазылған» [9, 412-413 б.], - деген қорытындыға келеді.

«Диуани хикметтің» Ташкент пен Қазан басылымдарының бас жағындағы немесе соңындағы «Фақрнама» атымен көрсетілген рисала туралы ғалым М.А. Джошан «Еңбектің Ахмед Яссауидікі екені анық көрінеді. Бірақ кейбір ғалымдарымыз мұны теріске шығарады. Бәлкім, «Фақырнама» Ахмед Яссауидің қаламынан шыққан «Диуани хикметтің» бір бөлігі ғана емес, жеке бір еңбегі болуы мүмкін» [10, 20-б.], - дейді. Зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, абсолютті қарама-қайшылықтар көбірек кездеседі. Мұның барлығы әлі қаншама тілдік еңбектердің жүгі болары хақ.

Біздіңше, Ахмед Ясауидің хикметтерін Ясауийа ізбасарлары жазып, дәуірлеріне сай өздері толықтырып отырған. Араб тілінен кейінгі Орталық Азиядағы парсы тілінің ықпалын ескере отырып, «диуан» сөзінің арабша емес, парсы тіліндегі мағынасын қарастырсақ, ол қазақ тіліне аударылғанда «үлкендер», «дәулер» [9, 189-б.], - дегенді білдіреді. Ғылымдағы осы мәселені еңбектің атауы арқылы анықтау да дұрыс бағыт беретін секілді. Сонымен «Диуани хикмет» деген «Даналық кітабынан гөрі – «Үлкендердің (ұлылардың деген мағынада) даналық сөзі» деген мағынасы жөн секілді. Демек, жоғарыда айтып өткеніміздей, «Диуани хикмет» Ясауийа ұлыларының даналық сөздерінің жиынтығы болса керек. Әлі күнге аталмыш еңбектің түпнұсқасы табылмағаны және қолдағы ең көне нұсқа XVII ғасырдан кейінгі дәуірдің үлесінде. Қысқаша айтқанда, хикметтер жинағы Қожа Ахмед Яссауи мен ізбасарларының хикметтерінің жалпы жинағы деген ойдамыз. Өйткені еңбектің атауы соны меңзейді [6, 59-б.].

Соңғы жылдарда Ясауидің мұрасын зерттеуде Ахмед Хазинидің Түркияда табылған тағы бір еңбегі, сопылық шығарма – «Диван» деп аталады. Осы еңбекте Ясауидің айтқан

сөздерімен қатар өзінің пікірлері, сопы ұлыларының сөздері және мақал-мәтелдер қолданылатынын Ғ.И. Көшенова өзінің монографиясында тілге тиек етеді.

Зерттеушілер М. Фуат пен Ә. Нәжіп: «Қазір ақын (Иассауи) хикметтерінің қайсысы өз қаламынан туған, ал қайсысының өңі өзгертілген немесе шәкірттері тарапынан жазылғандығын айту қиын», - дей келе, ойлары бір арнаға тоғысса, өзбек ғалымы Н. Маллаев: «Дивани хикмат» организован как литературный памятник, составленный не только из прозведений Ясави, но и включающий в себя стихи его учеников и последователей, развивавших идей-джахрия в течение нескольких воев», - деп түйіндеген [2, 88-б.].

Соңғы жылдары жарық көріп жатқан «Диуани хикметтер», негізінен, екі қайнар бойынша жарық көріп жатыр. Олар қолжазбалар мен тасбаспалар. Литографиялық нұсқалар XIX ғасырдың орта шенінен бастап жарық көріп, сол кездегі түркі жұртының сұранысын қанағаттандырды. Бұл ӨРҒА Шығыстану институтының литографиялық баспалар бөлімінде бірін-бірі қайталамайтын (Ташкент, Бұхара, Стамбул, Қазан) «Диуани хикметке» қатысты 33 тасбаспа кітап бар екендігі айтылады [2, 89-б.].

Ясауи «Хикметтеріндегі» араб және парсы лексикалық қабаттарын зерттеу олардың мағыналық байлығын түсіну үшін өте-мөте қажет. Тілдік деректер ретінде алынған терминдер тек лингвистикалық жәдігерлер деп қана қарамай түркі халықтарының тарихи мәтінінде белсенді көрсеткішке ие болған мәдени-философиялық ұғымдарды бейнелейді. Бұл сөздерді талдау олардың мағыналары мен хикметтердің жалпы көзіне ықпал ететін күрделі тәсілдерін ашып, Ясауидің даналығын тереңірек бағалау үшін осы лингвистикалық өрнектердің мағыналық табиғатын түсіну қажеттілігі туындайды.

Қожа Ахмет Ясауиге байланысты жасалған зерттеулердің бастауын XII ғасырға дейін алып баруға болады. Дегенмен бұл зерттеудің XV ғасырдан соң, әсіресе Қазан, Ташкент, Стамбұл қалаларында «Диуани хикметтің» тасбаспалары шыға бастаған XIX ғасырдың ортасынан кейін қарқын ала бастағанын көруге болады [12], - деген Түркия мен Қазақстанда «Диуани хикметке» байланысты шолу жасаған түркиялық зерттеуші Ш. Бейлур. Осы мақалада Ясауидің туған жері туралы әртүрлі пікір болғанымен, ол Қазақстан шекарасында, Сайрам қаласында туғанын мойындайтын еңбекті атап өтеді. Ясауиден кейін де сопылық дәстүрдің дамып, жалғасын тауып келе жатқанын түріктер арасында ең танымалы Юнус Эмренің есімімен байланыстырады, көбінесе Анадолы түрік тілінде буындық өлшеммен жазылғанын жеткізеді.

Ясауитанушыларға тағы бір үлкен елең еткізер жаңалық – тағы бір нұсқаның табылуы. «2016 жылы Көкшетау қаласындағы Әдебиет және өнер музейінен де Диуани хикметтің бір нұсқасы табылды. Иманғазы Нұрахметұлы тарапынан қазақ тіліне аударылған бұл нұсқа қазір Көкшетау Әдебиет және өнер музейінің қолжазбалар бөліміндегі 639 инвентарда сақталған. Аудармашының шамалағанындай бұл қолжазбаның көшірілген уақыты XVII ғасырдан соңғы кезеңдерге тура келеді» [13, 71-б.], - деп ясауитануға жаңа нұсқа бойынша зерттеуді нысанға алған зерттеуші С. Өтебеков пікір білдіреді. Оның айтуынша, бұл нұсқа италик жазу түрімен көшірілген, көне ұйғыр әрі араб емлелері ішінара қолданылады, дауысты дыбыстарды ажырату үшін дәйекше қойылмаған. Бұл қолжазбаның тіл және әдеби ерекшеліктері туралы жұмыс жалғасуда. Дәйекше біршама жүйелі түрде Санкт-Петербург нұсқасында көрсетіледі.

Бұл нұсқалардың жазылуындағы ерекшеліктерді дауысты дыбыстарға байланысты қолданылатын дәйекшенің қолданылу амалы, беру таңбасы әр түрлі, бұл біздің нысанға алып зерттегелі отырған нысанамызға өз әсерін тигізетіні көрініп тұр. Демек, бұл тұстан пікірлердің әртүрлі болуы заңды, біз нұсқаларды салыстыра отырып, сөз мағынасының қолданылуына, лексиканы байыту жолдарына, тарихи, мәдени, рухани, діни астарына ойысуға болады. Мәдени лексика құндылықтардың астарына бекіген, шағатай тілінде

жазылған мұраларды оқудағы кездесетін қиындықтардың бірі – дауысты дыбыстарды беруде қолжазбаны жеткізушінің стилін түсініп алу. Сондықтан харажаттардың/дәйекшелердің берілуін қолжазбадан дұрыс оқу міндеті басты назарда болу керек.

Мақалада тірек ретінде алынған ғалымдардың топшылауында пікірлердің сан алуандығы көзге көрініп тұр, тіпті абсолютті қарама-қайшылықтар да бар. Ясауи хикметтерінің санына байланысты, даналықтың бастау көзі қайдан, кімнен бастау алатыны және әр нұсқада берілген фонетикалық өзгерістер, стильдік ерекшеліктерге негізделген әртүрлілік, сонымен қатар қай қолжазбаны басшылыққа алды деген күннің өзінде қай кезеңде жазылғаны берілмегендіктен қайсы нұсқа ең көнесі екені де ұғынылмай отыр, осы мәселелер зерттеу кезінде тілдік деректерді нақтылауға өз септігін тигізіп отыр. Бұл жағынан зерттеу кезінде жекелеген нұсқаны атап, сол дерекпен жұмыс жүргізілетінін айшықтап көрсету қажеттігі туындайды. Әр қолжазбаны жазу стилінде шағатай әліпбиіндегі әріп пен буынды қалай бергенін, қолжазбаны таратушының стиліндегі ерекшеліктерді білу қажет.

Бүгінде Ясауи мұрасына ерекше көңіл бөлінеді, әр ұлт өз руханиятының негізін жан-жақты қырынан қарастыруда, әсіресе, мәдениеттану, әдебиеттану, философия, діни және тарихи тұрғыда жаңаша көзқарастармен толығып келеді. Тілдік тұрғыда жасалған зерттеулер қазақ тіл білімінде де баршылық, бірақ сирек екендігін атап өткен жөн. Бұл бірді-екілі тілшілердің көтеретін жүгі емес.

Асыл қазыналарымыз Абай, Шәкәрім сынды тұлғалардың бастау бұлағы саналар шығыстың данасы, ұлт тәлімгері атанған Ясауи мұрасын тілдік тұрғыдан зерттеу – алдымызда тұрған зор міндет.

Бүгінде әр қайсысы жеке ұлт болып ұйысқан түркі халықтары баба мұрасын өздеріне қарай тарта түсетіні анық. Сонау XII ғасырда өмір сүрген Ясауидің тілі туралы, ең әрісі XVI ғасырға барып тірелетін қолжазбалар шығарманың әдеби тілін толық ашып бере алғанымен де, жер-жерден табылған нұсқалары осы салада түпнұсқаларды бір-бірімен салыстыра отырып, шартты түрде баспа және жазба (қолжазба) деп қарастырып, тілдік тұрғыда мағынасын ашуды, түркі тілдеріне ортақ құндылықтарды танып, дүниенің санадағы бейнесі жаңа мәдени концептілік өрістердің құрылымын анықтаймыз.

Қорытынды

Сонымен «Хикметтердің» сақталған нұсқалары Орта Азияда ғана емес, әлемнің көптеген елді мекендерінде сақталған. Ғалым Ә. Құрышжанов төрт жүзден аса нұсқасы барын айтады, Түркия, Ресей, Иран, Мысыр, Үндістан, Венгрия, Италия, т.б. мемлекеттердің кітапханаларында, мұражайларында қолжазбалар бар екені анықталып жатыр. Бұл нұсқалардың көп бөлігі зерттеу кезінде назардан тыс қалып жатыр, бұл нұсқаларда жазылған ой мен идеялар бірдей болғанымен, мазмұны мен тілдік ерекшеліктерге байланысты айырмашылықтар бар екені зерттеулерде айтылып жүр. Бұл еңбекті зерттеген ғалымдардың еңбектерінде абсолютті қарама-қайшылықтар орын алып отырады, ол Ясауи хикметтерінің санына байланысты, авторы өзі ме әлде шәкірттері ме, сондай-ақ Ясауи хикметтеріндегі лексиканың тілдік қабаттары жөнінде пікірлердің сан алуан түрліше болуын мына мәселемен қарастырылады: біз назарға алып отырған зерттеушінің қай нұсқамен, қандай мақсатта жазылғанын басты назарда ұстаған абзал. Бұл мұраның өзі XI–XII ғасырға тиесілі, ол шәкірттерінің(мүридтерінің) ауыздан ауызға тарап XV–XX ғасыр аралығында жазылған нұсқалармен жұмыс жасау бізге өз қиындығын келтіреді.

Қорытындылай келе, Ясауи «Хикметтерінің» тілдік ерекшеліктері көп қырлы, алынған сөздік қоры, көркемдік мәнерлілігі жағынан, тілдік қабаттары тұрғысынан түркі танымының негізі ортақ, мәдениеті, тұрмысы жақын, бірегей болғандығын көрсетеді. Бұл элементтердің өзара әрекеттестігі мәтінді байытып қана қоймай, түркі халықтарының мәдени-тарихи болмысымен өмірлік маңызды байланыс қызметін атқарады. Бұл ерекшеліктерді түсіну

Ясауи шығармашылығына енген даналықтың тереңдігін және оның адамгершілік пен білім туралы қазіргі дискурсқа қатыстылығын бағалау үшін өте маңызды.

Жазбалардағы айырмашылықтар хикметтің ішкі мазмұнына айтарлықтай әсер ете қоймағанымен де, тілдік тұрғыдан арнайы зерделеуді қажет етері анық. Ясауидің «Хикметтері» қазақ филологиясы үшін де, жалпы түркологиялық ғылым саласы үшін де өзекті болып отыр. Өйткені біздің асыл дінімізді түркі жұртының танымымен қабыстырып, табиғатымен астастырған руханиятымызды бойымызға сіңіру үшін бізге темірқазықтай жол көрсетіп тұрады анық. Даналық сөздерінің көркемдік, тілдік ерекшеліктерінен бастап, философиялық, діни-сопылық тұстары да қарастырылып жатыр. Десек те, Ясауи мұрасына дендеп енген сайын бұл әлемнің қыр-сыры тым тереңде жатқанынын аңғару қиын емес. Сондықтан да ясауитану саласында бүгінде атқарылған дүниелерге қарағанда әлі де зерттеуді қажет ететін негізгі мәселелердің бірі – ақын қаламынан туындаған даналық сөздерін жинақтап, сараптап, берісі қазақ, әрісі күллі түркі мұсылман руханиятының кәдесіне жарату.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сыздық Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 665 б.
2. Қыдыр Т.Е. Дешті Қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (Ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері): монография. – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 200 б.
3. Құрышжанов Ә. Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын зерттеудің кейбір мәселелері // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1994. – №5. – Б. 24–33.
4. Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка (Определение языка хикматов Ахмада Ясеви) // Советское востоковедение. – 1948. – Вып.5. – С. 229–250.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
6. Абусейтова М.Х. Предисловие // Собрание фетв по обоснованию зикра джахр и сама. / Сост.: Б.М. Бабажанов, С.А. Мухаммадинов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 280 с.
7. Сағидолда Г., Сарекенова Қ., Сапарниязова М. Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «Иман» тұжырымдамасы // Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. – 2023. – №3. – Б. 56–71. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.04>
8. Көшенова Ғ.И. Ахмед Хазини және Қожа Ахмед Яссауи жолы: монография. – Алматы: Эверо, 2021. – 180 б.
9. Гордлевский В.А. Ходжа Ахмед Ясеви // Избранные соч. – Т. III. – М.: Изд. Восточной литературы, 1962. – С. 361–368.
10. Яссауи // Узбекистон Миллий энциклопедияси. Т. X. – Ташкент: Давлат илмий нашриёти, 2005. – С. 412–413.
11. Devellioglu F. Osmanlica – Türkçe Ansiklopedik Lugat. – Ankara: Aydin, 2002. – 970 s.
12. Бейлур Ш. Қожа Ахмет Ясауи және «Диуани хикметке» байланысты Түркия мен Қазақстандағы зерттеулер // Түркология. – 2021. – №3(107). – Б. 31–43.
13. Утебеков С. «Диуани хикметтің» тілдік және стильдік ерекшеліктері жайындағы зерттеулер мен ғылыми тұжырымдар // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №3 (129). – Б. 7–23. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.01>.
14. Сыздық Р. Ясауи тілінің қыпшақтық-оғұздық негізі // Түркология. – 2002. – №2. – Б. 106–110.
15. Köprülü M.F. Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar. – Ankara: Diyanet İşleri Bşk, 1991. – 560 s.

REFERENCES

1. Syzdyq R. Iasauı «Hikmetterinin» tili [The language of the “Hikmets” of Yassawi]. Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. – Almaty: El-shezhire, 2014. – 665 b. [in Kazakh]

2. Qydyr T.E. Deshti Qypshaq dalasyndagy islami adebiet (Islam, iman zhane ihsan maselelerinin zhyrlanu erekshelikteri): monografia [Islamic literature in the Desht Kipchak steppe (features of singing the problems of Islam, faith and Ihsan): monograph]. – Astana: «Ruhani qundylyqtardy qoldau qory» korporativtik qory, 2018. – 200 b. [in Kazakh]
3. Quryshzhanov A. Qozha Ahmet Iasauy shygarmalaryn zertteudin keibir maseleleri [Some issues of studying the works of Khoja Akhmet Yasawi] // QR UGA habarlary. Til, adebiet seriasy. – 1994. – №5. – B. 24–33. [in Kazakh]
4. Borovkov A.K. Ocherki po istorii uzbekskogo iazyka (Opredelenie iazyka hikmatov Ahmada Iasevi) [Essays on the History of the Uzbek Language (Definition of the Language of the Hikmats of Akhmad Yasevi)] // Sovetskoe vostokovedenie. – 1948. – Vyp.5. – S. 229–250. [in Russian]
5. Zhubanov Q. Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Researchers in the Kazakh language]. – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2010. – 608 b. [in Kazakh]
6. Abuseitova M.H. Predislovie // Sobranie fetv po obosnovaniyu zikra dzhahr i sama [Preface // A collection of fatwas justifying dhikr jahr and sama] / Sost.: B.M. Babazhanov, S.A. Muhammadinov. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 280 s. [in Russian]
7. Sagidolda G., Sarekenova Q., Saparniazova M. Iasauy «Hikmetter» tilinin kognitivtik qurylymy: «Iman» tuzhyrymdamasy [Cognitive structure of the language of Yasawi's “Wisdoms”: the concept of “Faith”] // Eurazia gumanitarlyq instituty habarshysy. – 2023. – №3. – B. 56–71. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.04> [in Kazakh]
8. Koshenova G.I. Ahmed Hazini zhane Qozha Ahmed Iasauy zholy: monografia [The path of Akhmet Khazini and Khoja Akhmet Yasawi: a monograph]. – Almaty: Evero, 2021. – 180 b. [in Kazakh]
9. Gordlevskiy V.A. Hodzha Ahmed Iasevi // Izbrannyye soch. [Khoja Ahmed Yasevi // Selected works]. – T.III. – M.: Izd. Vostochnoi literatury, 1962. – S. 361–368. [in Russian]
10. Iasavi // Uzbekiston Milliy enciklopedias. T. X. [National Encyclopedia of Uzbekistan. T. X.]. – Tashkent: Davlat ilmi nashrioti, 2005. – S. 412–413. [in Uzbek]
11. Devellioglu F. Osmanlica – Türkçe Ansiklopedik Lugat [Ottoman – Turkish Encyclopedic Dictionary]. – Ankara: Aydin, 2002. – 970 s. [in Turkish]
12. Beilur Sh. Qozha Ahmet Iasauy zhane «Diwani hikmetke» bailanysty Turkia men Qazaqstandagy zertteuler [Khoja Ahmed Yasawi and Diwani Hikmet studies in Turkey and Kazakhstan] // Turkologia. – 2021. – №3(107). – B. 31–43. [in Kazakh]
13. Utebekov S. «Diwani hikmettin» tildik zhane stildik erekshelikteri zhayyndagy zertteuler men gylmy tuzhyrymdar [Research and scientific conclusions on the linguistic and stylistic features of “Diwani Hikmet”] // Iasauy universitetinin habarshysy. – 2023. – №3 (129). – B. 7–23. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.01>. [in Kazakh]
14. Syzdyq R. Iasauy tilinin qypshaqtyq-oguzdyq negizi [Kipchak-Oguz basis of the Yassawi language] // Turkologia. – 2002. – №2. – B. 106–110. [in Kazakh]
15. Köprülü M.F. Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar [The first Sufis in Turkish literature]. – Ankara: Diyanet İşleri Bşk, 1991. – 560 s. [in Turkish]